

**Қостанай облысы әкімдігінің бәләм басқармасы  
«Қостанай автомобиль көлігі колледжі» КМҚК**

**Бектемін**

**«Қостанай автомобиль көлігі  
колледжі» КМҚК  
директоры**



*Д.И. Павленко*

**Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы  
«Қостанай автомобиль көлігі колледжі» КМҚК  
ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

**Қостанай, 2023 ж.**

## **1. Жалпы ереже**

1. Осы техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы «Қостанай автомобиль көлігі колледжі» КМҚК-на оқуға қабылдау қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 11) тармақшасына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді (бұдан әрі бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына (бұдан әрі – ТЖКБ ұйымдары) оқуға қабылдау тәртібін айқындайды.

2. Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай автомобиль көлігі колледжі» КМҚК (бұдан әрі – Колледж), негізгі орта, жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар, Қазақстан Республикасының азаматтары, шетелдік азаматтар және азаматтығы жоқ тұлғалар, сондай-ақ білім туралы құжатымен (куәлік, аттестат) ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар тұлғалар қабылданады.

3. ТЖКОББ ұйымдарына оқуға түсу кезінде "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңның 26-бабының 8-тармағында айқындалған адамдарды қабылдау квотасы көзделеді.

Қабылдау квотасының мөлшері "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде қабылдау квотасының мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 ақпандағы № 264 қаулысымен (бұдан әрі – № 264 қаулы) бекітілген.

## **2. «Қостанай автомобиль көлігі колледжі» КМҚК оқуға қабылдау тәртібі**

4. Колледжде тұлғалардың оқуға өтініштерін қабылдау, білім алушылар құрамына қабылдау үшін 10 маусымнан кешіктірмей директордың бұйрығымен қабылдау комиссиясының құрамына Қамқоршылық кеңесінің (ол болмаған жағдайда – жұмыс берушілердің өкілдері), қоғамдық ұйымдардың және білім беру ұйымдарының өкілдері кіреді.

Комиссия мүшелерінің ішінен жауапты хатшы және техникалық хатшылар тағайындалады.

Қабылдау комиссиясының төрағасы білім беру ұйымының басшысы немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

Қабылдау комиссиясының және техникалық хатшылар жұмысына жалпы басшылық ету жауапты хатшыға жүктеледі, ол азаматтарды қабылдауды, қабылдау мәселесі бойынша азаматтардың жазбаша сұраныстарына жауап береді, қабылдау комиссиясының ақпараттық материалдарын жариялауға дайындайды, кеңес (консультация) және қабылдау емтихандарының даярлығын, жүргізілуін ұйымдастырады, жазбаша емтихан жұмыстарының шифрленуін және де шифрленуін жүргізеді.

5. Қабылдау комиссияларының шешімдері, егерде отырыста олардың құрамының кемінде үштен екі бөлігі қатысса және қатысушылар санының көпшілік даусымен қабылданса, заңды болып табылады. Қабылдау және/немесе емтихан комиссиялары мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады. Хатшы қабылдау комиссиясының мүшесі болып табылмайды.

Қабылдау комиссиясының қорытынды отырысында аудио-немесе бейнежазба жүргізіледі. Аудио-немесе бейнежазба ТжКОББ ұйымының мұрағатында кемінде бір жыл сақталады.

6. Карантин жағдайларында, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларда қабылдау комиссиясының жұмысын білім беру ұйымы ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, ТжКОББ ұйымы жүргізеді.

7. Колледждің қабылдау комиссиясының өңірлерге барып тұлғаларды оқуға қабылдау жұмысын ұйымдастыру мәселелері Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасының келісімі бойынша шешіледі.

8. Адамдарды мемлекеттік білім беру тапсырмасы бойынша колледжге білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша, арнайы оқу бағдарламалары бойынша, қылмыстық-атқару жүйесінің түзеу мекемелеріндегі білім беру ұйымдарына оқуға қабылдау техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға арналған колледждің жобалау мүмкіндігін ескере отырып, адамдардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 қаңтардағы №122 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13418 болып тіркелген) (бұдан әрі – №122 бұйрық) Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының дайындық бөлімдеріне, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен

оқытуға, орта білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларына сәйкес айқындалған.

Орта буын мамандарын даярлауды көздейтін білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырмасы бойынша тұлғаларды оқуға қабылдау конкурстық негізде тұлғалардың өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

9. Тұлғалардың колледжге өтініштерін қабылдау:

- күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 18 тамызына дейін негізгі орта білім беру базасында (9 сынып),

- күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 20 тамызына дейін жалпы орта (11 сынып) базасында,

3) Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, ақылы негізде – күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 25 тамызына дейін, сырттай оқу нысанына – күнтізбелік жылдың 20 маусымынан 20 қыркүйегіне дейін.

10. Мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін көрсетілетін қызметті алушы колледжге (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) "Электрондық үкімет" веб-порталына (бұдан әрі - портал) жүгінеді және "Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізіліміне (бұдан әрі - Тізбе) сәйкес құжаттар топтамасын ұсынады:

- 1) құжаттарды қабылдау туралы өтініш;
- 2) білімі туралы құжаттың түпнұсқасы;
- 3) 3x4 см көлеміндегі 4 дана фотосурет;
- 4) "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21759 болып тіркелген) бекітілген № 075-У нысаны (бұдан әрі - № 075-У) бойынша медициналық анықтама, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар мен бала жасынан мүгедектігі бар адамдар үшін "Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21759 болып тіркелген) № 031-У нысаны (бұдан әрі - № 031-У) бойынша медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысы;

5) жеке басын куәландыратын құжат (тұлғаны салыстыру үшін). Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттарды жеке өзі немесе заңды өкілдері ұсынады. Көрсетілетін қызметті алушылар – шетелдіктер және азаматтығы жоқ адамдар олардың мәртебесін айқындайтын, тұрғылықты жері бойынша тіркелгендігі туралы белгісі бар құжатты ұсынады:

- 1) шетелдік – шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаты;
- 2) азаматтығы жоқ тұлға – азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі;
- 3) босқын – босқын куәлігі;
- 4) пана іздеуші тұлға – пана іздеуші тұлғаның куәлігі;
- 5) қандас – қандас куәлігі.

Порталға:

- 1) көрсетілетін қызметті алушының нақты тұрғылықты жері көрсетілген, оның өкілінің ЭЦҚ қойылған көрсетілетін қызметті алушының ата-анасының (немесе оның заңды өкілдерінің) бірінің электрондық құжат нысанындағы өтініші;

- 2) білімі туралы құжаттың электрондық көшірмесі немесе электрондық түрдегі білім туралы құжат;

- 3) № 075-У нысаны бойынша медициналық анықтаманың, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар мен бала жасынан мүгедектігі бар адамдар үшін № 031-У нысаны бойынша медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысының электрондық көшірмелері;

- 4) 3x4 см көлеміндегі цифрлық фотосурет;

Көрсетілетін қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Портал арқылы жүгінген кезде көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы хабарлама-есеп жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушыға осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі, онда:

- 1) тапсырылған құжаттардың тізбесі;

- 2) құжаттарды қабылдап алған қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, сондай-ақ байланыс деректері көрсетіледі.

Белгілі бір аумақта тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын жүзеге асырған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және

техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда көрсетілетін қызметті алушылар осы тармақтың бірінші абзацының 4) тармақшасында және екінші абзацының 3) тармақшасында көрсетілген құжаттарды шектеу іс-шараларының алынуына, төтенше жағдайдың тоқтатылуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына ұсынады.

11. Оқуға түсу үшін құжаттарды кәмелетке толған адамдар жеке өзі, кәмелетке толмағандар – заңды өкілінің қатысуымен ұсынады.

12. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері құжаттар топтамасын қабылдауды, тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасының қабылданғаны туралы қолхат беруді өтініш келіп түскен күні жүзеге асырады не көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданыс мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат береді.

13. Құжаттарды портал арқылы тапсырған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсетуге сұраныстың қарастырылу мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызметтің нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" көрсетіледі.

14. Көрсетілетін қызметті берушінің қызметкері өтінішті түскен күні тіркейді және оны жауапты құрылымдық бөлімшеге орындау үшін жолдайды. Өтініш жұмыс уақытынан кейін, демалыс және мерекелік күндері түскен жағдайда Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасына сәйкес келесі жұмыс күнімен тіркеледі.

15. Көрсетілетін қызметті беруші Заңның 5-бабының 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіпте мемлекеттік қызметтерді көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

16. Көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшесінің жауапты қызметкері қағаз жеткізгіште немесе құжаттарды портал арқылы ұсынған жағдайда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанында өтінішті одан әрі қарастырудан дәлелді бас тарту туралы жауап жолдайды.

17. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Көрсетілетін қызметті берушінің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

18. Оқуға түсушілерден түскен өтініштер колледждің тіркеу журналдарына оқытудың нысандары бойынша тіркеледі.

19. Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсетін, сондай-ақ ТжКБ бар орта буын мамандықтарына түсетін адамдар үшін әңгімелесу жүргізіледі. Қабылдау комиссиясы оқуға түсушімен тиісті бағыттар бойынша 20 минуттан артық емес жеке әңгімелесуді өткізеді. Әңгімелесуге арналған сұрақтар тізбесін қабылдау комиссиясының төрағасы бекітеді.

20. Кадрларды нысаналы даярлауға үміткерлерді іріктеу кәсіпорындар (ұйымдар, мекемелер) өкілдерінің қатысуымен колледждің қабылдау комиссиясы өткізген әңгімелесу қорытындысы бойынша жүргізіледі.

21. Карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар кезінде әңгімелесу ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып жүргізіледі.

22. ТжКОББ ұйымдарына білікті жұмыс кадрларын даярлауға оқуға түсушілердің саны мемлекеттік тапсырысы бойынша оқуға бөлінген орындардан асып кеткен кезде оқуға қабылдау осы Қағидалардың 60-тармағына сәйкес орташа конкурстық балл, сондай-ақ № 264 қаулыға сәйкес квота санаты негізінде жүзеге асырылады.

23. Осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген колледждің қабылдау комиссиялары күнтізбелік жылдың 26 маусымынан бастап колледж сайтында орташа конкурстық балды көрсете отырып, қабылдау квотасы көзделген талапкерлер мен тұлғалардың тізімдік құрамын қалыптастырады және оны күн сайын жанартуды қамтамасыз етеді.

24. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқуға қабылдау медициналық-әлеуметтік сараптаманың қорытындысы ескеріле отырып жүзеге асырылады.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар әңгімелесуге өтініш берген кезде медициналық-әлеуметтік сараптаманың (медициналық анықтаманың) қорытындысында көрсетілген ұсынымдар мен қарсы көрсетілімдерге сәйкес, сондай-ақ таңдалған мамандықтарға қойылатын біліктілік талаптарын ескере отырып, мамандықтар мен біліктіліктерді таңдайды.

25. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша мемлекеттік тапсырыс бойынша оқуға түсетін адамдар **күнтізбелік жылдың 26 маусымынан бастап** ерікті негізде білім басқармасының ақпараттық жүйесі арқылы кәсіптік диагностикадан (сауалнамадан) өтеді.

26. Кәсіби диагностика қорытындысы бойынша талапкерге ұсынылатын мамандықтарға мамандықтар мен кәсіптер картасын таңдау бойынша ұсынымдар беріледі. Кәсіби диагностиканың нәтижелері ұсынымдық сипатта болады.

27. Бірыңғай талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және әңгімелесу кезінде даулы мәселелерді шешу мақсатында колледжге түсушілердің құқықтарын қорғау үшін апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссия оның мүшелерінің тақ санынан тұрады. Апелляциялық комиссияның құрамы колледж педагогтары қатарынан құрылады. Апелляциялық комиссия құрамынан мүшелердің көпшілік даусымен төраға сайланады. Хатшы апелляциялық комиссияның мүшесі болып табылмайды.

28. Түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлға апелляцияға шағым береді. Апелляцияға өтініш апелляциялық комиссияға түсу емтихандарының нәтижелері жарияланғаннан кейін **келесі күні сағат 13.00-ге дейін** беріледі және апелляциялық комиссиямен өтініш оны берушісінің қатысуымен бір жұмыс күні ішінде өтініш берген күннен бастап қаралады.

29. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа қатысушылардың көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы апелляциялық комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

30. Конкурсқа қатысу үшін негізгі орта білім беру базасында оқуға түсушілер **күнтізбелік жылдың 18 тамызына дейін**, жалпы орта, техникалық

және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру базасында күнтізбелік жылдың 20 тамызына дейін өтініш береді.

31. Конкурса өтініш берген кезде оқуға түсушілер облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары бекіткен төрт мамандыққа, біліктілікке (қажет болған жағдайда), ТЖКОББ-дан кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік тапсырысты орналастыру жөніндегі комиссиялар бекіткен ТЖКОББ-ның төрт ұйымына дейін, оқыту тілін (қазақ, орыс, ағылшын), білім деңгейін таңдайды.

32. Колледж осы Қағидалардың 8-тармағында көрсетілген және өтініш берген адамдарды күнтізбелік жылдың **26 тамызына дейін мамандығын, біліктілігін** көрсете отырып, білім басқармасының ақпараттық жүйесінде тіркейді..

33. Конкурсты білім басқармасы талапкерлерді қабылдау квотасын ескере отырып, білім туралы құжатқа сәйкес міндеті және бейінді пәндерді бағалаудың орташа конкурстық балына автоматты түрде бөлу арқылы өткізеді. Талапкерлерді автоматты түрде бөлуді білім басқармасы айқындаған ақпараттық жүйе (білім беру платформасы) жүзеге асырады.

34. Мемлекеттік тапсырыс бойынша негізгі орта білім беру базасына түсетін тұлғалар арасында Конкурс күнтізбелік жылдың **19-22 тамызы аралығында**, ақылы негізде – күнтізбелік жылдың **26-28 тамызы аралығында** жалпы орта білім беру базасында, ТЖКБ базасында – күнтізбелік жылдың **22-25 тамызы аралығында**, ақылы негізде – **26-28 тамыз аралығында** өткізіледі күнтізбелік жыл.

35. Техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша жалпы білім беретін және бейінді пәндердің тізбесі:

Негізгі орта білім беру базасында (9 сынып) - бейіндік пән 1, бейіндік пән 2, орыс тілі (орыс тілінде оқытатын мектептер үшін) немесе қазақ тілі (қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін);

Жалпы орта білім беру базасында (11 сынып) - бейіндік пән 1, бейіндік пән 2, орыс тілі (орыс тілінде оқытатын мектептер үшін) немесе қазақ тілі (қазақ тілінде оқытатын мектептер үшін).

36. Орташа конкурстық балл (бұдан әрі – ОКБ) олардың жалпы санына осы Қағидаларға 4,5-қосымшаларда көрсетілген пәндер үшін бағалар сомасының орташа мәні ретінде айқындалады

37. Бағалардың орташа балы:

негізгі орта білімі бар оқуға түсушілер үшін (9 – сынып) - үш пән: міндетті пән (қазақ тілі немесе орыс тілі), мамандық бейіні бойынша екі пән бағаларынан:

$$\text{ОКБ} = (\text{МП} + \text{БП1} + \text{БП2}) / \text{БС}$$

Мұнда: МП-міндетті пәннің бағасы;

БП1- бірінші бейіндік пәннің бағасы;

БП2 -екінші бейіндік пәннің бағасы;

БС-бағалар саны;

жалпы орта білімі, ТЖКОББ бар түсушілер үшін – төрт пән: міндетті пәндер (қазақ тілі немесе орыс тілі, Қазақстан тарихы) және мамандық бейіні бойынша екі пән бағаларынан:

$$\text{ОКБ} = (\text{МП1} + \text{МП2} + \text{БП1} + \text{БП2} + \text{АЕ/ШЕ}) / \text{БС}$$

Мұнда: МП1-бірінші міндетті пәннің бағасы;

МП2- екінші міндетті пәннің бағасы;

БП1- бірінші бейіндік пәннің бағасы;

БП2 -екінші бейіндік пәннің бағасы;

БС-бағалар саны;

38. Орташа конкурстық бал тең болған кезде білім туралы құжаттың орташа балы, сондай-ақ № 264 қаулыға сәйкес квота санаты ескеріледі.

39. Мемлекеттік тапсырыс бойынша бөлінбеген орындар, мамандықтар бойынша топтар (15 адамнан кем) жинақталмаған, қамтылмаған талапкерлер болған кезде күнтізбелік жылдың 29 тамызына дейін №122 бұйрыққа сәйкес мамандықтар және ТЖКОББ ұйымдары бойынша мемлекеттік тапсырыс қайта бөлінеді.

40. Білім басқармасы негізгі орта білім беру базасында оқуға түсушілер арасында конкурс қорытындыларын ресми интернет - ресурстарда күнтізбелік жылдың 23 тамызында, жалпы орта білім беру базасында күнтізбелік жылдың 25 тамызында жариялайды, сондай-ақ талапкерлерді конкурстың қорытындылары туралы ақпараттық жүйе арқылы хабардар етеді.

41. Конкурс қорытындысы бойынша талапкер білім алушылар құрамына қабылдау үшін колледжге құжаттар пакетін тапсырады.

42. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау Қабылдау комиссиясы отырысының хаттамасы негізінде колледж басшысының директорының бұйрығымен жүргізіледі:

1) күндізгі оқу нысанына – күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін;

2) сырттай оқу нысанына – күнтізбелік жылдың 30 қыркүйегіне дейін;

Білікті жұмысшы кадрларды даярлауды көздейтін техникалық және кәсіптік білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың құрамына қабылдау:

1) күндізгі оқу нысанына-әңгімелесу нәтижелері бойынша күнтізбелік жылдың 31 тамызына дейін;

43. Қабылдау нәтижелері туралы ақпарат оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі:

- күндізгі оқу нысанына-күнтізбелік жылдың **31 тамызына дейін**, білікті жұмысшы кадрларды даярлауға – күнтізбелік жылдың **31 тамызына дейін**,

– сырттай оқу нысанына-күнтізбелік жылдың **30 қыркүйегіне дейін** қабылдау комиссиялары колледждің ақпараттық стендтерінде немесе интернет-ресурстарында орналастыру арқылы.

**Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім мамандықтарының бейіні бойынша жалпы білім беру пәндерінің тізбесі**

№	Мамандықтың атауы	Біліктілік	Міндетті пән	Міндетті пән (11 сынып)	Бейіндік пән 1	Бейіндік пән 1
1	07140100 Технологиялық процесстерді автоматтандыру және басқару (бейін бойынша)	4S07140102 Техник-электромеханик	Қазақ тілі немесе орыс тілі		Алгебра	Физика
2	06120100 Есептеу техникасы және ақпараттық желілер (түрлері бойынша)	4S06120102 Желілік және жүйелік әкімшілендіру технигі	Қазақ тілі немесе орыс тілі		Алгебра	Информатика
3	07150100 Машина жасау технологиясы (түрлері бойынша)	4S07150105 Техник-технолог	Қазақ тілі немесе орыс тілі		Алгебра	Физика
4	07150500 Дәнекерлеу ісі	3W07150501 Электргазымен дәнекерлеуші	Қазақ тілі немесе орыс тілі		Алгебра	Физика
5	07151300 Металлургия черных металлов	4S07151304 Техник-металлург	Қазақ тілі немесе орыс тілі		Алгебра	Физика
6	07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	3W07161301 Автомобиль жөндеу слесарі	Қазақ тілі немесе орыс тілі		Алгебра	Физика
7	07161300 Автомобиль көлігіне техникалық	3W07161302 Автомобиль электр	Қазақ тілі немесе орыс тілі		Алгебра	Физика

	қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	жабдықтарын жөндеу жөніндегі электрик				
8	07161300 Автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану	4S07161304 Техник-механик	Қазақ тілі немесе орыс тілі	Қазақстан Тарихы	Алгебра	Физика
9	07310200 Геодезия және картография	4S07310201 Техник-геодезист	Қазақ тілі немесе орыс тілі		Алгебра	География
10	07320700 Автомобиль жолдары мен аэродромдар құрылысы және пайдалану	4S07320703 Техник-құрылысшы	Қазақ тілі немесе орыс тілі		Алгебра	Физика
11	10410300 Автомобиль көлігінде тасымалдауды ұйымдастыру және қозғалысты басқару	4S10410302 Техник	Қазақ тілі немесе орыс тілі		Алгебра	Физика
12	07161400 Автомобиль құрастыру	4S07161405 Техник-технолог	Қазақ тілі немесе орыс тілі		Алгебра	Физика
13	07151200 Құю өндірісі	3W0707151201 Қалыптаушы	Қазақ тілі немесе орыс тілі	Қазақстан Тарихы	Алгебра	Физика